

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)  
дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған  
мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылының 1-жартыжылдығы

Дарынды оқушылармен атқарылған жұмыс есебі

2021-2022 оқу жылының I жартыжылдығында дарынды оқушылармен жұмыс Қазақстан Республикасының Заңдарына, «Білім беру жөніндегі» Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министірінің нормативтік құқықтық актілеріне, Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылды. Дарынды оқушылармен жұмыс «Оқушылардың жеке тұлғалық зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамыту» мақсатында жүргізілді.

I жартыжылдықта мектеп оқушылары 11 зияткерлік іс-шараларға қатысты, оның ішінде 6 облыстық және 5 республикалық. Қатысқан олимпиадалардың, жоба сайыстарының, білім байқауларының 9-ы ҚР БЖҒМ № 514 бұйрығының тізіміне кіреді.

Барлығы қатысқан оқушы саны 56, оның ішінде 51- облыстық және 5 республикалық іс-шараға қатысты. Жүлделі орын саны -32, оның ішінде 29 - облыстық және 3- республикалық. Тиімділігі – 57%.

Облыстық деңгейде 1-орын саны -10, 2-орын -8, 3-орын – 11, тиімділігі – 56,8%.

Республикалық деңгейде 1-орын -0, 2-орын - 2, 3-орын – 1, тиімділігі - 60%.

Пәндер бойынша нәтиже:

Жаратылыстану- математика бағытындағы пәндер бойынша 2 оқушы - облыстық Президенттік олимпиада (химия -2, биология -2, математика-2, физика-2).

10 оқушы – облыстық ғылыми жобадан (химия -1, биология- 5, математика 3, география-1), Республикалық мамандандырылған олимпиада -1 оқушы (химия-1).

Республикалық Президенттік олимпиадаға қатысқан 1-оқушы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Университетінің Грантына ие болды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша 1 оқушы - облыстық олимпиада (ағылшын тілі, орыс тілі -1), 9 оқушы – мамандандырылған шығармашылық байқаулар (тарих -6, қазақ тілі мен әдебиеті - 3), облыстық ғылыми жобадан – 7 оқушы ( қазақ тілі мен әдебиеті -1, орыс тілі -1, ағылшын тілі – 2, адам және қоғам -3).

Республикалық мамандандырылған олимпиада мен шығармашылық конкурстар -2 оқушы (ағылшын тілі, орыс тілі -1, тарих -1).

I жартыжылдықта оқушылары жүлделі орындарға ие болған педагогтердің саны – 22, оның ішінде облыстық деңгейде -17 педагог (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақстан тарихы, құқық негіздері, химия, биология, математика, физика, география), республикалық -5 педагог (тарих -1, химия -1, ағылшын тілі -2, орыс тілі -1).

Қазан-желтоқсан айлары аралығында мектепшілік конкурстар «Менің шағын Отаным», Президенттік олимпиада, «Лингвистика» олимпиадасы, 8-11-сыныптардың жылы пәндер олимпиадасы, 7-8-сыныптардың юниор олимпиадасы және «Абайтану» олимпиадасы өтті. Осы олимпиадалар мен конкурстарға қатысқан 7-11-сынып оқушыларының саны- 236. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы үнемі әкімшіліктің қадағалауында болды.



Дайындаған: Кусаннова С.З.-бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары